



Жаңалықтар

Қала жаңалықтары

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектеновті қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевқа елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар баяндалды. Атап айтқанда биылғы 7 айда 1400-ден астам сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркеліп, жемқорлық фактісімен 900-ге жуық тұлға әшкереленді.

міндеттемелерін орындауға дейінгі барлық сатысында кездеседі.

Президенттің тапсырмасына сәйкес агенттік Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бөлімшелерінің жұмысын бағалау тәсілдерін қайта қарады. Статистикалық көрсеткіштер үшін ғана жасалатын әрекеттер алынып тасталды.



Президентке сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жол бермеу жөніндегі профилактикалық және алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді.

Олжас Бектеновтің айтуынша, аталған шаралар аясында көліктік бақылау, Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялары, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті салаларындағы сыртқы талдаудың аяқталғанын хабарлады. Сыбайлас жемқорлық қауіптері мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастырудың өнім көлемін жоспарлаудан бастап шарт

Ведомствоның қызметінде бағдар ретінде сыбайлас жемқорлық қауіптерінің картасы айқындалып, оған процестердің ашық болмауына, өкімшілік кедергілерге және жергілікті жерлердегі мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттерін тиісті деңгейде орындамауына байланысты халық пен бизнесті толғандыратын көкейкесті мәселелер енгізілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысын күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктелді.

akorda.kz

«Ашық есік күні» аясында жеке қабылдау

2022 жылдың 8 тамыз күні «Достық» балалар жасөспірімдер орталығында «Ашық есік күні» аясында қала әкімі С. Сатаев азаматтардың жеке қабылдауын өткізді.

Қабылдауда әртүрлі сұрақтармен 6 азаматтарды қабылдады. Жер мәселесі бойынша 2, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық сұрақтары 1 және әлеуметтік мәселелер бойынша 3 сұрақтар болды. Оның ішінде қабылдау барысында 5 сұрақтарға ауызша түсінік берілді, 1 мәселе бақылауға алынды.



Приозерск қаласының әкімдігі

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚАЛАҒА ЕКІНШІ САПАРЫ



Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Махмұтұлы Қасымбек «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының үлкен мәжіліс биылғы жылдың есебінен 04-наурыздан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің билік пен халық арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, ашық диалог орнату бойынша тапсырмасына орай Приозерск қаласының тұрғындарымен 2022-жылғы тамыздың 11-жұлдызында Приозерск қаласының тұрғындарымен кездесіп, ашық сауал-жауап форматында әңгіме өткізді. Кездесуге қала тұрғындары, қаладағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар өкілдері, мемлекеттік мекемелер басшылары мен қызметкерлері, аймақ өкімдігінің басшылары, облыстық және қалалық баспасөз өкілдері қатысты. Кездесуді ашқан облыс әкімі кіріспе сөзінен кейін кезекті қала әкімі Сапар Қайырқенұлы Сатаевқа берді. Әкім 2022-жылғы атқарылған жұмыстар және биылға алға қойған мақсаттар мен атқарылуға тиіс жұмыстар туралы шағын есеп берді. Әкімнің есебіне қанағаттанғандығын білдірген облыс әкімі Приозерск қаласы тұрғындарының көкейкесті мәселелері туралы сұрақтарына жауап беру үшін оларға сөз кезегін ұсынды және сауалдарға сол жерде жауап беріп отырды.

теміржол вокзалының мүшкіл халі, қалаға кіретін және орталық басты көшенің жолын талапқа сай етіп жөндеуден өткеру, шатырлары ескірген үйлердің төбесін заманауи үлгідегі темір шатырмен жабу, жартыарал аумағындағы жолдарды жөндеу мен оның астына көмір тапшылығы және оның өрескел қымбаттығы, сол төңіректігі үйлерге көріз жүргізу, балабақшалардағы азық-түлік сапасын жақсарту,



«Айналайын» балабақшасын күрделі жөндеуден өткізуге облыс қазынасынан қаражат қарастыру секілді маңызы зор мәселелерге байланысты болды.



Қала тұрғындарымен кездесу және сауал-жауап аяталған соң Жеңіс Қасымбек қала тұрғындарына арнап жеке қабылдау өткізді. Қала тұрғындары сауалдарының дерлік барлығына жауап берген облыс әкімі әрбір мәселені жан-жақты қарап, саралап, шешімін табуы тиісті орындар басшыларына тапсырды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



Приозерск тұрғындары тарапынан қойылған сауалдар қала әкімінің құзырынан тыс, облыс әкімінің құзіретіндегі мәселелер төңірегінде өрбиді. Атап айтқанда – қаладағы туризм саласын кеңінен дамыту үшін облыс әкімі тарапынан көмек көрсету, Сарышаған

КАЛАДА ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ?..

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ!

Ағымдағы жылдың 9-тамызында «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі мамандарымен бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж қарттар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлерін аралау жұмыстары жүргізілді.

Бүгінде «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүмкіндігі шектеулі балаларға, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен қарт адамдарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 3 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Үйде арнаулы қызмет көрсетуден 18 адам қамтылған, оның ішінде 2 ересек және 2 мүгедектігі бар бала және 14 зейнеткер. Әлеумет-

тік қызметкерлер бөлім басшысымен бекітілген кестеге сәйкес үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алушыларға аптасына 2 рет қызмет мынадай қызмет түрлерін көрсетеді: қызмет көрсетілетін азаматтарды азық-түлікпен, бірінші қажеттіліктегі шаруашылық тауарлармен, дәрігердің рецептісі бойынша дәрі-дәрмекпен, пәтерді жинауға жәрдемдесумен және тағы басқа қызметтер түрлерімен қамтамасыз етеді. Мүгедек балаларға қызмет көрсету жөніндегі әлеуметтік қызметкер мүгедектігі бар балалардың бос уақытын ұйымдастырады, өзіне-өзі қызмет көрсету, өзін-өзі бақылау және қарым-қатынас дағдыларына оқытуды жүргізеді.

ДӘРИГЕР-МАМАНДАР ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛА МА?

Қалалық ауруханаға медицина кадрларын тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күнгі нақты саны: дәрігерлер-24, орта медициналық қызметкерлер саны 90. Атап айтқанда, 2022-жылдың ақпан айында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының Шымкент кампусында 2021-2022 оқу жылына арналған дипломнан кейінгі білім беру факультетінің түлектерімен кездесулер өтті. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың наурыз айында «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК директоры Бек Тәнірбергенұлы Жарылғапов Семей медициналық университетінің түлектерімен кездесулер өткізді. Осы кездесулердің нәтижесінде 7 жас маманға жалпы практикалық дәрігерлерінің қолдау хаттары берілді.

деде 1 дәрігер акушер-гинеколог келіп, қызметтерін бастады.

Ағымдағы жылдың тамыз айының соңына дейін Приозерск қаласының орталық ауруханасының емханасында жұмыс істейтін 4 жалпы тәжірибелік дәрігердің келуі күтілуде. 2022-жылдың қыркүйегінде 1 жұқпалы аурулар дәрігері келеді. 2023-жылы акушер-гинекологтың келуі жоспарлануда. Облыстық бюджет есебінен резидентурада оқыту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда 2 маман оқытудан өтуде: инфекционист дәрігер, акушер-гинеколог дәрігер. Бұл мамандарды оқытуға облыстық бюджеттен 4 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы қала әкімдігімен бірлесе отырып, «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК-на жұмысқа орналасу кезінде жас мамандар үшін барлық қолайлы жағдай жасалған, пәтерлері дайындалды. Сондай-ақ, медициналық жоғары оқу орындарының жанадан келген түлектеріне 1 млн. теңге көлемінде көтерме ақы қарастырылған.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**Жемқорлыққа, қылмысқа – жол жоқ!**

2022 жылдың 8 тамызы күні 60601 әскери бөлімінде тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің айлық жоспары аясында офицерлер жеке құрамымен, бөлім командирінің және Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімшесінің бастығының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Жиынның басты мақсаты жеке құрамға қылмыстық, әкімшілік, сыбайлас жемқорлық және жарғыдан тыс әрекеттер бойынша кодекстердің талаптарын жеткізу болып табылды.

60601 әскери бөлімінің командирі полковник Өтеген Қыдырғалиев пен Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімшесінің бастығы капитан Жалғас Айдынбеков жеке құрамға әскерлерде орын алып жатқан құқық бұзушылықтың қайталанбауын және

осы шаралардың алдын алу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізді.

Жиналыс барысында бөлім командирі мен әскери полиция бөлімшесінің бастығы әрбір офицерді тындап, қосымша туындаған сұрақтарына жауап берді.

Шара барысында жеткізілген және қозғалған әрбір тақырып офицерлер жеке құрамына толықтай жеткізіле білді.

*Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы
Думан Жұманшұлы*

Қазақстандық әскери қызметшілер Халықаралық армия орындарындағы жарыстарын сәтті бастады

Биыл Қазақстан Қарулы күштерінің командалары халықаралық армия ойындары шеңберінде Арменияда – «Бейбітшілік жауынгері», Әзербайжанда – «Теніз кубогы», Ресейде – «Танк биатлоны» және «Эльбрус шеңбері», ел аймағында – «Артиллериядан оқ ату шеберлері», «Меридиан» және «Тактикалық мерген» сынды жеті сайыста бағын сынайтын болады.



Әзербайжанда әскери теңізшілер 16 тамызда жарысты бастады. Минаатқыш есептоптарының арасындағы жарыстың бірінші кезеңі жеке жарыс 15 тамызда өтеді. Оған тоғыз мемлекет қатысады.

Ақмола облысының Щучинск қаласында өтетін «Меридиан» байқауына қатысушы әскери топографтар «атыс шебі» жарысына да осы күні шығады.

Қарағанды облысының «Спасск» оқу-жаттығу орталығында армия атқыштары «Тактикалық мерген» байқауының бірінші біліктілік жаттығуын орындады. Одан өзге бірнеше нысана бойынша әр түрлі позициядан ату, қаруды сенімді және

қауіпсіз ұстау дағдылары да ескерілді.



Барлық осы критерийлер бойынша «Біліктілік» жаттығуында тоғыз ел арасында қазақстандық әскери қызметшілер үздік нәтиже көрсетті, екінші орында Өзбекстан командасы, үшінші орында – Қытай.

– Біздің жауынгер мергендердің кәсіби шеберлігі қуантты, – деп атап өтті «Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің ардагерлер кеңесі» РҚБ облыстық филиалының төрағасы отставкадағы полковник Амангелді Жантасов, – тамаша техника, сенімді іс-қимыл. Келесі кезеңдерде де жауынгерлер дәл осылай мінсіз жұмыс істейді деп үміттенеміз.

Мәскеу маңындағы «Алабино» полигонында өткен «Танк биатлонының» жеке жарысында Қазақстанның бірінші экипажы Венесуэла, Вьетнам және Өзбекстаннан келген қарсыластарын едәуір басып озды. Қазақстандық танкистер трассадан өту, кедергілерден өту және оқ ату тапсырмаларын орындау кезінде үйлесімді іс-әрекет етіп, жеңіске жетті. Алда командалардың екінші және үшінші экипаждары жарысады.

АБАЙ – ТАМЫЗДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН

АБАЙ-ДАНА, АБАЙ –ДАРА!



Қай халықтың болмасын белгілі бір тарихи кезеңде өнері мен әдебиеті, яғни бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Біздің қазақ халқының тарихында да сондай кезеңдердің бар болғаны шындық. Қазақ халқының руханияттық дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша шалынар сәті- XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы. Аталған уақыт аралығында қазақ ортасында идеялық жаңа тыныстың қанаттануына Абайдай жан салған ойшыл кемде-кем. Еліміздің шымырланып, қайта түлеу қажеттігін сезінгендіктен, қайрау мен намысқа тию арқылы ішкі жан-дүниесінің қайтадан жаңаша құрылу қажеттігін ұсынды. Мәселен «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын толғауында халқына бағышталған махаббаттың тұңғыш көріністері анық байқалады. Ақынның жақсы мен жаман, надандық пен адамдық, махаббат пен гадауат туралы әр ұстанымы, әр тұжырымы өткен өмірдің, бүгінгі күн мен келер шақтың келбетін анықтайтын айрықша өлшемдер сияқты.

Абай адам өмірінің бірталай келеңсіз жақтарын сынап отырып, одан құтылу жолын да көрсетіп береді. Өнер, білім, ғылым үйреніп қана қоймай, сол алған білімді қалай жұмсау керектігін де айтып өткен. Ақынның шығармашылығының өзегі «Адам бол» деген философиялық идеяға сәйкес келеді. «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз»- дегенде ғұлама-адамның рухани жетілу мүмкіндігінің шексіздігін көрсетті. Менің түсінігім бойынша, адам өмірге құштар болу керек. Еш қиындыққа мойымай, бәрін жеңу қажет. Адамгершілікке жетелейтін бірден-бір жол, Абай түсінігінде білім мен ғылымға құштарлық болып келеді.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге,- деп, Абай атамыз адам болып қалыптасу үшін ең қажеті ғылым екенін көрсетіп, адамның бойына оның өзіншіл табиғи болмысы арқылы орныққан менмендік, нәпсіқұмарлық, тұрақсыздық сияқты қасиеттеріне шектеу қоюға тырысады. Қазақ халқын шексіз сүйген Абай ескіліктің бұғауынан, надандықтың шырғауынан шыға алмай отырған ауыр халіне күйінеді.

Абай шығармашылығында «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» атты өленінің орны ерекше. Ол: Мен жазбаймын өленді ермек үшін, Жок-барды, ертегіні көрмек үшін, Көкірегі сезімді, ойы орамды.

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,- деп бар үмітін оқуға талаптанған жастарға, яғни біздерге жүктейді. Өзі туралы айтқанда: Жасымда ғылым бар дер ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім,- дейді де, оқыған балалар жайында. Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,- деп оқығанда әкім болып билікке қызығу үшін емес, ғалым болып дүниені тану үшін оқу керек екенін еске салады. Ақынның әр сөзінде бай мазмұн бар. Өзі айтқандай «сырты күміс, іші алтын» болып келеді.

«Ұлы ұстаз» деген атқа Әбунасыр әл-Фарабиден кейін Абайдан артық лайық есімді табу мүмкін емес. Абай есімі неткен жылы, неткен дара?! Ес білгелі өз жаным сонша жақын дара тұлғаның әрбір сөзі, бүкіл халқымның болмысын танытар дана ойлары мен күн өткен сайын өз жұмбақ әлеміне қызықтыра алып кетті. Абай әлемі, Абай поэзиясы, қара сөздері, әндері, әсіресе оның жаңа ғасыр босағасын аттаған балғын жастарға, бізге берер мол ғибраты соншалық жақын да алыс құпиясымен оқырманды өзіне баурай берді.

Абайдың қайратты қарасөздері оның сөзге деген өнерінің көркемдік күшін, даналығын көрсеткен прозалық шығармалар болып табылады. Абайдың қарасөздерінің жалпылық саны 45 бөлектен тұрады. Олар тақырып нысанынан бірғана бағытта жазылмады, олар әр алуан болды. Абайдың 6 - 7 қарасөздері қысқалау болса, кейбіреулері тақырып және мағынасы жағынан ауқымды болды. Абай өз қарасөздерінде туындының көркіне ғана емес, сонымен бірге оның ауқымдығы мен мағынасына назар аударған. 1918-жылы Семейде жарық көрген «Абай» журналында Абайдың бірнеше қарасөздері жарық көрді.

Абай Құнанбайұлы (1845 — 1904) жылы бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының Шығыс тауы баурайында дүниеге туылған. Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшы, философ, ақын. Абай өз балалық кезін әжесі мен анасының жаңында өткізген. Абай санасына қатысты бар шуақты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесі мен анасының әсерінен сіңген. Абай ауылдық молдандан білім алып, сауат ашып, кейіннен Семейге сауатты дамыту мақсатпен аттанады. Абай ақын медресе оқуында жүрген уақытында Шығыс поэзиясына қызықтанып, Шығыстың ақындары секілді өлеңдер жазуға талпынады. Сексенінші жылдар орталығында Абай ақындық жолына бағыт бұрады. Абай өлең және шығармаларын үзіліссіз жазуға тырысты. Дегенмен, сонау кездердегі халықтың ішіндегі тартыстар ақындық өнермен айналысуды қиындатты. Абай ақындыққа бағыт бұрғанда өлеңдерін білім, өнер және мәдениетке бағыттады. Абай 1885-жылда «жасымда ғылым бар деп ескермедім» - деп атаған тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлеңі тұңғыш Абайдың шығармасы болып, Абайдың ақындық жолдағы ізденісін танытты. Абай туралы жаза берсек түніміз таңға ұласар, ол да аз. Надандық –білім –ғылымның жоқтығы Білімсіздік – хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Егемнді еліміздің жастары осы үш кеселден, адамды қор қылатұғын нәрседен бойын аулақ салса, ақынның арманы орындалғаны.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Өзекті

Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту

Бүгінгі таңда ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік қолдау және олардың өмір сүру сапасын арттыру мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат олардың қоғамға толыққанды кірігуіне және халықтың осы санаты басқалармен теңдей өмір сүруі үшін барлық жағдайлар жасалуда. Осығай орай «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекет қаражаты есебінен протездік-ортопедиялық, сурдо-тифло-техникалық құралдармен, кресло-арбалармен, санаторий-курорттық емделумен, міндетті гигиеналық құралдармен, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтері көрсетіледі. Сондай-ақ, азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2020 жылы мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндіруші мен жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін Әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылды. Әлеуметтік қызметтер порталын пайдалану үшін мүмкіндігі шектеулі азаматтар бөлімге келіп, электронды цифрлық қолтаңбаны алып, арнайы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы өтініш бере алады.

Жыл басынан бері Портал арқылы мүмкіндігі шектеулі жандардан 135 қызметке өтініш түсіп, оның 105 орындалды. Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, қолжетімді ортаны құру үшін мемлекеттік мекемелер, сауда үйлері және дүкендерде пандустар стандартқа сәйкес салынып, шақырту түймелері орнатылған. Приозерск қаласы әкім орынбасарының төрағалығымен мүмкіндігі шектеулі азаматтардан түскен өтініштерді қарастырып, азаматтардың мәселесін шешуге бағытталған жұмыстардың орындалысы және оларға денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларынан көрсетіліп жатқан көмектер бойынша тоқсан сайын Мүгедектер істері жөніндегі Кеңес өткізіліп тұрады. Алдағы уақытта мемлекет тарапынан ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында, алға қойылып жатқан бір қатар жұмыстар атқарылатынына сеніміміз зор.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

Өзекті

«E-Salyq Business» қосымшасы



Мемлекеттік кірістер комитеті «e-Salyq Business» мобильді қосымшасын әзірлеп, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосты. Жаңа цифрлық шешім жеке кәсіпкерлерге салық міндеттемесін орындауды жеңілдетеді және жаңадан тіркелген кәсіпкерлерге ыңғайлы. Салық кодексінің осы жылдан бастап қолданысқа енгізілген ережелеріне сәйкес аталған қосымша арнаулы мобильді қосымшаны пайдаланумен немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлердің салық міндеттемелері мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерін орындауын оңайлатуға арналған. Бұдан басқа, комитетпен патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлерге арналған қосымшаның функционалын пилоттық жоба аясында қолдану мүмкіндігін көздейтін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрық жобасы әзірленді. Қосымшаның функционалы жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге, салық режимін таңдауға және өзгертуге, чектер беруге, кірістер тізілімін қалып-

тастыруға және салық және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді қосымшамен автоматты түрде есептеу үшін қызметкерлердің кірістерінің есебін жүргізуге және оңайлатылған декларацияның тиісті жолдарын толтыруға мүмкіндік береді. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлер «e-Salyq Business» мобильді қосымшасының пайдаланушылары бола отырып, патент құнының есеп-қисабын ұсынумен және табыс алғанға дейін алдын ала (аванспен) салық және әлеуметтік төлемдерді төлеуден босатылады. Қосымшамен есептелген жеке табыс және әлеуметтік салық сомасын Электрондық Үкіметтің төлем шлюзінде жарияланған Халық банкінің сервисімен интеграцияны пайдалана отырып, тікелей мобильді қосымшада төлеуге болады. Бұдан басқа, кәсіпкерлердің ыңғайлылығы үшін қосымшада Салық әмиянының сервисі (оның ішінде берешекті қарау және өтеу, артық төлемді басқару бойынша), мемлекеттік кірістер органдарының бірқатар хабарламаларын алу, сондай-ақ, жеке кәсіпкер қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату сервисі қолжетімді. Қосымша «Play Market», «App Store» және «App Gallery» алаңдарында қолжетімді.

Приозерск қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

Повышения доходов населения согласно программе об обеспечении стабилизации цен, принятии плана обеспечения продовольственной безопасности на 2022-2024 годы. Проводимые работы ГУ Отделом предпринимательства и сельского хозяйства г.Приозерск на 09.07.2022 год:

Еженедельные сельскохозяйственные ярмарки стартовали с 19 марта 2022 года в городе Приозерск и проводятся каждую субботу.



В городе проводятся еженедельные сельскохозяйственные ярмарки, которые будут проходить по субботам. Еженедельные сельскохозяйствен-

ные ярмарки проводятся с участием предпринимателей и оптовых реализаторов городов Тараз, Чу, Алматы, Балхаш и города Приозерск.



На ярмарке представлен разнообразный ассортимент продукции: овощи, фрукты, молочная продукция, мясо и другая продукция.

Здесь присутствуют продукты первой необходимости, цены приемлемые с



ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ТАМИЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ...

«Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жок. «Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», — деген екен М.Жұмабаев. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», дейді дана Абай. Қандай тауып айтылған даналы сөз десеніңші. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Балалар һәм келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген ғой. Өйткені бала – біздің болашағымыз. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, бірлесіп, аяғынан нық тұруға көмектесу керек. Нашар бала болмайды. Бау-бақшаны баптап, күтіп суарсаң ғана жемісіне кеңелесің. Сол сияқты баланың теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету – қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен мектептің міндеті. Өмір шындығына жүгінсек, тәрбие бастауы, оның қайнар көзі, ананың сүтінен нәр алып өскен ортасына тікелей байланысты.

«Тәрбие басы – тал бесік», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақтың мағыналы сөздерінде үлкен астар бар сияқты. Алайда, жұмысымызда байқап жүргеніміздей, ата-аналарымыздың бала тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі қателіктер де көрініс беруде. Кейбір ата-аналар: «Баламды киіммен, тамақпен қамтамасыз етем, білім, тәрбие беру – мектептің ісі» деп түсінетін ата-аналар да кездеседі. Бала тәрбиесін тек мектепке ғана аударып қоймай, ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып жұмыс жасау, ұстаздар үшін де, ата-аналар үшін де тиімді. Еліміздің егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде балаларды қоғамның лайықты ізбасары етіп дайындау,

тәрбиелеп шығару үшін мектепте оқу, тәрбие жұмыстарын көбейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып отыруымыз қажет. Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлері, өткізу іс-шаралары үнемі өзгеріп, жанарып, дамып отыр. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын мектеп болғандықтан, оған бұрынғыдан да зор жауапкершілік артауда. Әр шәкірт мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп еш-ақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, өз бетінше жеке мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, көпшілікпен біте қайнасақ. Осы тұрғыдан алғанда мектеп – бала мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жеке адамның дамуына және қалыптасуында әртүрлі факторларды үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Мұнда тәрбие түрлерінің сан алуаны жүзеге асырылады. Баланы тәрбиелеуде бір ғана отбасының алатын орны ерекше деп қорытынды шығаруға болмайды. Мектептің, колледждің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты мектепте сынып жетекшісі қамтамасыз етеді.

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезімізде қолға алар ісіміздің өзі ұрпақ тәрбиесі. Қазіргі заманда ең басты мәселе – бала тәрбиесі. Мысалы, оқушы мектепке келген кезінде тіл алғыш, жүрегі таза, сезімі пәк болып, өссе, жоғарғы буынға келгенде өзгеріп сала береді. Сол кезде «мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті, мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды, неге озбырлық жасауға бейім болып алды» деген сұрақтар мазалайды. Әрине, оның себептерін жан-жақты іздеуге болады. Бала тәрбиесінде ата-анасы мен жүрген ортасының, мұғалімнің де қатысы бар. Баланың қалыптасуына

ықпал етіп, дамуына үлес қосатын мұғалімнің есте ұстар жағдайлары аз емес. Солардың ішінде ең негізгісі – балаға деген жүрек жылуы. Ол қашан да қажет және ешқашан артық болмайды. Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі адамгершілік құндылықтар болуы керек. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, адамгершілік әдетке, рухани, мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады. Ұлттымыздың ұлағатты дәстүрін кенінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету өз нәтижесін береді.

Қоғам талабы – заман талабы. Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Бала тәрбиесіндегі негізгі де маңызды роль ата-аналарда. Ата-ана отбасында өздерінің күнделікті жұмысы, тындырған ісі туралы бала-шағасының алдында айтып, әңгіме-дүкен құрады. Бірте-бірте балалары да өз жаңалықтарын ортаға салып, айта бастайды. Осылайша жанұя мүшелерімен сенімі, сүйіспеншілігі, достық қатынастары нығая түседі. «Жанұяға қарап бала өседі, қарағайға қарап тал өседі» деп тегін айтылмаған болса керек. Ата-ана баламен тілдесуде, пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дәрекілікпен жеке басын қорғамай, мейірімді, табиғи, жылы, ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбиеде табысқа жетеді. Өйткені «Жақсы сөз жан семіртеді». Кейбір ата-аналар өте қатал айтқанын орындатады. Мұндайда бала қорыққаннан уақытша тындайды. Бірақ ата-анасының уы-

сынан шыққаннан соң, өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетуі мүмкін. Сондықтан сынып жетекшісі ата-ана ескермеген тәрбиенің тиімді сәттерін пайдалану қажет. Сынып жетекшісі оқушыға материалдық жағдай жасамағанымен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамгершілік құндылықтармен қамтамасыз етеді. Әрбір оқушының жеке басын тәрбиелеудің стратегиясын білу үшін тек оның күшті және әлсіз жақтарын біліп қоймай, сонымен қатар оның оқитын, тұратын, қарым-қатынас жасайтын жағдайларын білуіміз керек. Ол үшін олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болу қажет.

Ашық тәрбие сағаттары, психологиялық тренингтерге қатыстыру немесе құқық қорғау органдарынан инспекторлар, дәрігерлер, ақсақалдар алқасынан қонақтар шақырылып, мәні зор инабаттылыққа, имандылыққа баулитын ақыл-кеңестер алу өз нәтижесін береді. Ата-аналар мүмкіндігінше балаларды үйде қараусыз қалдырмауға, немен шұғылданатынын, күнделікті қанша сабақ болып, қаншада қайтатынын біліп отырулары тиіс. Мектеп пен ата-аналар ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаларға тиісті көңіл бөле білсе, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтары тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Менің ойымша әрбір жас толқын қай жағынан болсын, тамаша, жан-жақты келісті азамат болып қалыптасуы қажет. Ол еңбекқор, адал, білімді, көп оқыған ақылды болып қана қоймай, тәрбиелі де көркем, ибалы да инабатты болуы керек. Балаларды сүйетін және өзінің ісіне берілген ұстаз ғана мейірбан жеке тұлғаның қалыптасуына көмек көрсетуге қабілетті. Жемісті тәрбиенің сыры – шәкіртке құрметпен қарауда.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеміс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №6/6, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.